

## Конкурс туралы хабарландыру

**Манғыстау облысы, Ақтау қаласы «Н.Марабаев атындағы № 7 мектеп-лицейі»** КММ, пошталық мекен-жайы: **Манғыстау облысы, Ақтау қаласы** индекс: 130000;электрондық поштасы: **litsey7.usite.pro.** (конкурсты ұйымдастырушының атауы, пошталық және электрондық мекен жайлары)

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруды сатып алу бойынша конкурс жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қызмет **Манғыстау облысы, Ақтау қаласы «Н.Марабаев атындағы № 7 мектеп-лицейі»** КММ жеткізіледі

Қызметті көрсету мерзімі 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап 2019 жылдың 31 желтоқсаны бойынша.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурска жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2019 жылғы 11 наурыз сағат 17:00 дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: **Манғыстау облысы, Ақтау қаласы «Н.Марабаев атындағы № 7 мектеп-лицейі»** КММ есепші бөлмесі сағат 9-дан 18-ге дейін және/немесе **litsey7.usite.pro.** интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурска қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер **«Н.Марабаев атындағы № 7 мектеп-лицейі»** КММ мына мекенжай бойынша **Манғыстау облысы, Ақтау қаласы** жібереді, есепші бөлмесі.

Конкурска қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі 2019 жылғы 11 наурыз сағат 17-00 ге дейін.

Конкурска қатысуға өтінімдер бар конверттер 2019 жылғы 12 наурыз сағат 11-де мына мекенжай бойынша **Манғыстау облысы, Ақтау қаласы «Н.Марабаев атындағы № 7 мектеп-лицейі»** КММ директоры кабинетінде ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:  
87292520059,87292521769

Дата 19.02.2019г.



Иманғалиева Г.Б.

## Жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттама

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруды сатып алу бойынша конкурс.

Конкурсты ұйымдастырушы "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі" КММ **Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы**, БСН: 990640001340, ЖСК: KZ27070103KSN4306000, БИК ККМФКZ2А, КБЕ 12, Маңғыстау облыстық Қазынашылық комитетінің Қазынашылық департаменті litsey7.usite.pro. почталық мекен-жайы **Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5-ші шағын аудан, 43 ғимарат "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі" КММ инд 130000, БСН 990640001340, тел 520059, 521769,**

Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруды сатып алу бойынша конкурс (әрі қарай Қызметтер).

2. Көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома **10581642,96 (Он миллион бес жүз сексен бір мың алты жүз қырк екі) теңге 96 тиын, ҚҚС-сыз.**

Бірінші сынып оқушыларына 464003015159 бағдарламасы бойынша **-9843388,80 (тоғыз миллион сегіз жүз қырк үш мың үш жүз сексен сегіз) теңге 80 тиын, (ҚҚС -сыз).**

Аз қамтылған отбасы балаларына 464003015163 бағдарламасы бойынша **-738254,16 (жеті жүз отыз сегіз мың екі жүз елу төрт) теңге 16 тиын, (ҚҚС - сыз).**

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын қызметтердің тізбесін;

2) осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті (оқушыларды тиімді тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалы мәзір қоса беріле отырып) конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмалары;

3) осы конкурстық құжаттамаға 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

6) осы конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес үлгілік шартты қамтиды.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызынан кем емес мөлшерде конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің қамтамасыз етуін төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) мынадай банк шотында "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі" КММ БСН: 990640001340, ЖСК KZ500705034642818001, БИК ККМФКZ2А, Маңғыстау облыстық Қазынашылық комитетінің Қазынашылық департаменті,

2) банктік кепілдік.

Құжаттар пакетін әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі 20 ақпан 2019 жылдан – 11 наурыз 2019 жыл аралығындағы мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі" КММ **Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5 шағын аудан, 43 ғимарат** мекенжайында орналасқан пошталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысына Баранбаева А.Т. (есепші кабинеті) сағат 17-00 дейін қолма-қол береді.

Құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.





### Жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету. Осы техникалық тапсырмада "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп лицейі" КММ білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтің сәйкес келуі тиіс сандық және сапалық сипаттамалар беріледі.

1689 білім алушыға, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен **10581642,96(Он миллион бес жүз сексен бір мың алты жүз қырк екі) теңге 96 тиын, (КҚС-сыз.)**сомасында, 258 білім алушыға (екі жүз елу сегіз) тамақтандыру ұсынылады.

"Н.Марабаев атындағы №7 мектеп лицейі" КММ оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар мен міндеттер жас ерекшелігі бойынша тағамдық заттар мен қуатына физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларды тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру мектеп асханасында жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші ас әзірлейтін бөліктің және оның қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясына, азық-түліктерді салудың, порциялардың шығу нормасының сақталуына, білім алушыларға өнімдер мен тағамдардың берілуіне және жеткізілетін азық-түліктердің сапасына, оны сақтау және тарату қағидаларының сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөлікте, өндірістік және қойма бөлмелерінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық қағидаларды сақтауды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім беру ұйымының Санитариялық қағидалармен бекітілген нысан бойынша дайын өнімнің сапасына (бракераж) бақылау журналын жүргізуге жағдайды қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық бұйымдардың тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, технологиясы және дайындау жағдайлары балааларға арналған тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес болуы тиіс.

"Н.Марабаев атындағы №7 мектеп лицейі" КММ (асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды мектептік тамақтандырудың базалық ұйымдарынан жеткізілген жағдайда тиісті температураны сақтауды қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) қолданылады.

Иманғалиева Г.Б. директоры бекіткен білім алушыларды тамақтандырудың белгіленген тәртібіне сәйкес бірінші ауысым үшін білім алушыларға **09:30 дан 09:50 дейін; 10:30 дан 10:50 дейін** (уақытын және үзілісті көрсету), екінші ауысым үшін **15:00 ден 15:20дейін** екінші үзіліс\_ (уақытын және үзілісті көрсету) ыстық тамақ ұсынылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес буфет өнімдерін тарату үшін жағдайлар жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін тарату сағат **09:00 дан 16:30** дейін(асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақытын көрсету) жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші ай сайын мектеп директоры Иманғалиева Г.Б тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәлімет ұсынады.

Әлеуетті өнім беруші шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бекітеді.

Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес келуі тиіс. Санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес, ерекше жағдайларда бір өнімді, тағамды және аспаздық бұйымдарды басқаларымен ауыстыруға жол беріледі.

Жекелеген оқушыларға жеңіл (емдәм) тамақтандыру ұйымдастырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші тағамды дайындау технологиясын және дайын тағамдарды калориялығына сәйкестігін сақтау үшін ас әзірлейтін бөліктерде бірыңғай тағамды дайындау картотекасының бар болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдарды және аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттама болуы тиіс (ішкі өнімдердің, дайын тамақтың бракераж журналдарын, ас блогы жұмыскерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналдарын, тамақты витаминдеуді жүргізу журналдарын, мәзірді, тағамдарды дайындаудың технологиялық карталарын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарын (жөнелтпе құжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттар, ұсыныс-пікірлерге арналған кітап және тағы басқалары) атап көрсету) атап көрсету).

Өнім берушіде ас әзірлейтін бөліктің әр қызметкеріне жұмысқа рұқсатымен медициналық кітапшалары бар.

Өнім беруші бар технологиялық, тоназытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жөнділігін және уақытылы мемлекеттік тексерілуін (өлшем құралдары үшін) қамтамасыз етеді.

Отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) отандық қызмет көрсетушілерден, тауар өндірушілерден сатып алады.

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтің әлеуетті өнім берушісінің өтінімдері, егер:

1) 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптасатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;



**Конкурска қатысуға өтінім (заңды тұлғалар үшін)**

Кімге "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп лицейі" КММ  
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

1. Конкурска қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, почта мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Заңды тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма	
Заңды тұлғаның басшысында және (немесе) аталған заңды тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекежаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма	
Заңды тұлғаның резиденттігі	

2. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен Орта білім беру ұйымдарында бірінші сынып және әлеуметтік қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасы балаларына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі. оқушы

(конкурстың толық атауы)  
конкурска әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

(қажетін көрсету керек)  
қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)  
осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)  
конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және \_\_\_\_\_ көрсетілетін қызметтердің (қажетін көрсету керек) өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(заңды тұлғаның толық атауы)  
осы конкурска қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)  
жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.  
7. Конкурска қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.  
Күні 19.02.2019ж.

Директор \_\_\_\_\_  
(тегін, атын, әкесінің лауазымын көрсету)  
М.О.



**Конкурсқа қатысуға өтінім (жеке тұлға үшін)**

Кімге "Н.Марабаев атындағы №7 мектеп лицейі" КММ  
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (№, кім берген)	
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (СТН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, почта мекенжайы мен электрондық почта мекенжайы (болған жағдайда)	
Жеке тұлға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде бар ма	
Жеке тұлғада және (немесе) аталған жеке тұлғаның өкілінде өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болатын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары бар ма не олар өткізілетін конкурстарда конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады ма	
Жеке тұлғаның резиденттігі	

2. \_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)  
осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)  
осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)  
конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

(әлеуетті өнім берушінің атауы) осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)  
конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың ролін атқарады.

Күні Басшының қолы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)  
М.О.

**Әлеуетті өнім берушінің қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тоқтырады)**

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін \_\_\_\_\_  
(атауын, әлеуетті өнім берушінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)  
әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.  
Қызметкерлердің жалпы саны \_\_\_\_\_ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері қоса берілген \_\_\_\_\_ аспазшы, \_\_\_\_\_ технолог, \_\_\_\_\_ диетолог және \_\_\_\_\_ басқа қызметкерлерді құрайды:

Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі (арнайы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары) және мамандығы (диплом №)	Білімі (қысқа мерзімді курстар) және біліктілігі (қуәлік №)	Атқаратын жұмысы	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы						

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, \_\_\_\_\_ соңғы бес жыл ішінде конкурста (әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету) бұған дейін қоғамдық тамақтану саласында көрсетілген қызмет көлемі

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы
1	2	3

4. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін ресурстардың бар екені туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.  
Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.  
Күні \_\_\_\_\_  
Басшының қолы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымын көрсету)  
М.О.



**Қызмет берушіні таңдау өлшемшарттары**

№	Өлшемшарттар	Балдар		
1.	Қызмет нарығында жұмыс тәжірибесі (10 балдан артық емес)	Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі - әр жылға 0,5 балдан	Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі - әр жылға 1 балдан	
2.	Экологиялық менеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар болуы	Жок (0 балл)	Бар (1 балл)	
3.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасы жүйесі сертификатының бар болуы	Жок (0 балл)	Бар (1 балл)	
4.	Аспазшылардың біліктілігі (10 балдан аспайды)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 3 разряд (1 балл)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 4 разряд (2 балл)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 5 разряд және (немесе) жоғары білім (3 балл)
5.	Технологтың (қоғамдық тамақтану саласында), диетологтың болуы (2 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Бір маман ғана бар (1 балл)	Бар (2 балл)
6.	Технолог біліктілігі бар өндіріс менгерушісінің болуы (қоғамдық тамақтану саласында), (1 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Бар (1 балл)	
7.	Конкурс ұйымдастырушысының техникалық тапсырмаға тіркеген перспективтік ас мәзіріне Санитариялық қағидаларға сәйкес шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесінің болуы	10-нан кем ас атауы (1 балл)	10-нан 30-ға дейін ас атауы (2 балл)	30-дан 50-ге дейін ас атауы (3 балл)
8.	100% қызметкерде жұмысқа рұқсаты бар болуы (1 балдан аспайды)	Бір қызметкерде жок (0 балл)	Барлық қызметкерде бар (1 балл)	
9.	Отандық өндірушілерден сатып алынатын тамақ өнімдерінің көлемі (3 балдан аспайды)	85-тен 90 %-ға өнімдер (2 балл)	90-нан 100%-ға дейін өнімдер (3 балл)	
10.	Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру барысында пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жеке өндірісінің бар болуы	Жок (0 балл)	Бар (2 балл)	

	(шаруа немесе фермерлік кожалығы, жылыжай және басқалары) (2 балдан аспайды)			
11.	Тамақты дайындаудың технологиялық картасының болуы (1 балдан аспайды)	Қолданылмайды (0 балл)	Қолданылады (1 балл)	
12.	Ұсынылатын қызметтің тиісті сапасын қамтамасыз ететін тағамдарды дайындау кезінде жеке қуат үнемдеуші жабдықтарды пайдалану (2 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Ішінара (1 балл)	Толық көлемде бар (2 балл)
13.	Тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша аспазшылардың біліктілігін көтеру туралы сертификаттың болуы (1 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Бар (1 балл)	
14.	Өндірістік бақылау жоспарының болуы (1 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Бар (1 балл)	
15.	Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсеткен білім беру ұйымдары ата-аналар комитеті төрағаларының қолы, мектептер директорларының қолы қойылған және мөрімен бекітілген көрсетілетін қызмет берушіге ата-аналар тарапынан берілген сипаттамалардың болуы (3 балдан аспайды)	Жок (0 балл)	Бар (әр сипаттамаға 1 балдан, бірақ 3 балдан аспайды)	
16.	Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында, астанада тіркелуінің бар болуы	Жок (0 балл)	Тіркелген (3 балл)	

Ескертпе: 1-тармақ бойынша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесінің бар болуы бұған дейін жасасқан шарттармен расталады, 4-тармақта әр маманға балдар қойылады, 10-тармақ бойынша балдарды қою үшін алдағы жылы өндірілген азық-түлікті алуға жасасқан шарттар туралы мәліметтер қолданылады, 14-тармақ бойынша жабдықтарға құқық белгілеуші құжаттарды ұсыну қажет (жабдық паспорты, төлем құжаттары және басқасы)

## Үлгілік шарт

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.  
(өткізілетін орын)

\_\_\_\_\_ бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету) \_\_\_\_\_ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_, (жеткізушінің толық атауы - конкурстың жеңімпазы) бұдан әрі Жеткізуші деп аталатын, \_\_\_\_\_, екінші тараптан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін (жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік, жарғы және басқалар) басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), көрсетілетін қызметті немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама негізінде " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылы қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге (сомасын цифрлармен және жазумен көрсетуі) мөлшеріндегі сомаға, оның ішінде ҚҚС (ҚҚС сомасын цифрлармен және жазумен көрсету)/ҚҚС қоспағанда (бұдан әрі - Шарттың бағасы) білім беру ұйымында білім алушыларды, оның ішінде білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді немесе тауарларды жеткізуді міндетіне алады.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойғаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) "Көрсетілетін қызмет" - өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну;

3) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

4) "Тауар" - орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар;

5) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға;

6) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) "Шарттың бағасы" Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (банктік кепілдеме, кепілдік ақшалай жарна төлеу) Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларында көзделген жағдайларда енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау құқығының, оның ішінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы \_\_\_\_\_ санды (балалар санын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады.

Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_ (аударым, қолма-қол есеп айырысу)

8. Төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

(шот-фактура немесе қабылдау-табыстау актісі)

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметке немесе тауарды жеткізуге ақы төлеуді көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау нәтижелері бойынша осы Шарттың \_\_\_\_\_ тармағында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізеді.

12. Бір мәрте мектептік тамақтандырудың құны \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

13. Өнім беруші қызмет көрсетуді немесе тауарды жеткізуді Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.



14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлетіп, Тапсырыс берушінің Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтің бір бөлігін көрсетпесе немесе тауардың бір бөлігін ұсынбаса немесе барлық қызметті немесе барлық тауарды ұсынбаса;

2) егер Жеткізуші Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаса, оның ішінде конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамы сәйкес келмеген кезде осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған кезде егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуга жауапты болмайды.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу заңал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе сонынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім берушіге Шарт бойынша бұзуга байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру ұйымдарында тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар жоқ болған жағдайда әлеуетті өнім беруші шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем емес мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді.

30. Осы Үлгілік шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайда рұқсат беріледі:

1) тапсырыс берушінің мәзірді жақсартуы (тамақтану рацион ұлғайту) және өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа өзгермейтін жағдайда және басқа да жағдайларда тараптардың өзара келісімі бойынша тиісінше соманы көбейту;

2) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар санының өзгеруі.

Осы шартқа енгізілетін басқа да өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамаларына, Өнім берушінің конкурстық құжаттамасына және конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

31. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_  
(толық атауы)

Өнім беруші \_\_\_\_\_  
(толық атауы)

\_\_\_\_\_ (мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (телефоны, факс)

\_\_\_\_\_ (телефоны, факс)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (КОЛЫ)

\_\_\_\_\_ (КОЛЫ)

"\_\_" "\_\_\_\_\_" ж.

"\_\_" "\_\_\_\_\_" ж.

МП

МП

Аумақтық қазынашылық органында тіркеу күні \_\_\_\_\_